

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҢАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

## Валюта нарығы

4-тарау. Халықаралық қаржы жүйесі



## Айырбас бағамы анықтамасының экономикалық теориялары

Негізінде, айырбас бағамы бір валютаның сұранысы мен ұсынысы екінші валютаның сұранысы мен ұсынысына қатысты анықталады. Мысалы, долларға деген сұраныс ұсыныстан асып кетсе, сол сияқты, жапондық иеннің ұсынысынан сұранысы артық болса, онда доллар/иен бағамы өзгереді, ал доллар иенге қатысты қымбаттайды. Дегенмен сұраныс пен ұсыныстың салыстырмалы айырмашылығы айырбас бағамының мәнін түсіндірсе де, олар мұны тек үстірт қана сипаттайды. Бұл қарапайым түсініктеме валютаға деген сұраныс пен ұсыныстың негізін қандай факторлар құрайтынын да көрсетпейді. Сондай-ақ долларға деген сұраныс ұсыныстың қай кезде жоғары болатынын немесе жапон иенінің ұсынысы сол валютаға деген сұраныстан артық аңғартпайды. Сонымен қатар айырбас бағамы валютаның қай кезде сұраныста болатынын немесе қай мезетте оған сұраныс азаятынын көрсете алмайды. Бұл дәрісте осы мәселелерге қатысты экономикалық теорияның жауаптарын қарастырамыз. Валюта бағамдары анықтамасын тереңірек түсінуге мүмкіндік туғызатын мәліметтермен танысамыз.

Айырбас бағамдарының жасалу жолын түсінсек, демек, айырбас бағамындағы өзгерістерді де болжай аламыз. Валюта бағамындағы болашақ өзгерістер экспорттық мүмкіндіктерге, халықаралық сауда мен инвестициялық мәмілелердің табыстылығына және шетелдік импорттың бағалық бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететіндіктен, бұл – халықаралық бизнес үшін құнды ақпарат. Өкінішке қарай, оны болжау оңай емес. Валюта бағамдарын анықтайтын күштер күрделі, құрмалас, оны зерттеп жүрген академиялық экономистер арасында да теориялық пәтуа жоқ. Дегенмен айырбас бағамының өзгеруіне қатысты көптеген экономикалық теорияларға сәйкес, ел валютасындағы айырбас бағамының болашақ өзгерістеріне үш фактор: елдегі бағалар инфляциясы, оның пайыздық мөлшерлемесі және нарық психологиясы ықпал етеді.

## Бағалар және айырбас бағамдары

Бағалардың айырбас бағамының өзгеруіне қатысын түсіну үшін, алдымен бірыңғай баға заңын қарастыратын экономикалық ережені талқылау қажет. Екі ел арасындағы айырбас бағамының өзгерісі сол елдердегі баға деңгейін өзгертетін сатып алу қабілетінің паритеті теориясын да талқылаймыз.

## Бірыңғай баға заңы

Бірыңғай баға заңына сәйкес, көлік шығындары мен сауда кедергілері жоқ бәсекелес нарықта бірнеше елде сатылатын бірдей өнім бағасын бір валютаға келтіргенде, бәріне ортақ бағамен сатылуы тиіс. Мысалы, британдық фунт пен доллар арасындағы айырбас бағамы 1 £= 2 \$ болса, Нью-Йоркте 80 долларға сатылатын күртеше Лондонда 40 фунт стерлингке сатылуы керек. Егер күртеше Лондонда 30 фунт стерлинг тұрса, не болатынын елестетіп көріңіз. Мұндай жағдайда трейдер Лондоннан күртеше сатып алып, оны Нью-Йоркте сата бастайды. Бастапқыда компания Лондонда күртешелердің әрқайсысын 30 £ бағамен сатып алып, оны Нью-Йоркте 80 долларға сату арқылы 20 \$ пайда таба алатын еді. Алайда Лондонда күртешелерге сұраныс артқан сайын сол жердегі құны көтеріледі, ал Нью-Йорктегі күртеше ұсынысының артуы олардың бағасын түсіреді. Бағалар теңелгенше осылай жалғаса береді. Осылайша, Лондонда күртеше 35 £, ал Нью-Йоркте 70 \$ бағамен сатылғанда, баға теңеседі.

## Сатып алу қабілетінің паритеті

Егер бірыңғай баға заңы барлық тауарлар мен қызметтерге тұтас жүргізілсе, онда сатып алу қабілеті паритетінің (СҚП) айырбас бағамы бағалар жиынының кез келген



біреуінен алынады. Бірдей өнімдердің әртүрлі валютадағы бағасын салыстыра келе, нарықтар тиімді болған жағдайда қолданылатын «нақты» немесе СҚП айырбас бағамын анықтауға болады.

СҚП теориясының едәуір рационалды нұсқасында халықаралық саудаға кедергі келтіретін нарықтарда, яғни салыстырмалы түрде тиімді нарықтарда «тауар қоржынының» бағасы әрбір елде шамамен бірдей болуы керек деп тұжырымдалады. Бұл теорияны символдармен көрсету үшін, белгілі бір тауар қоржынының АҚШ долларындағы бағасы –  $P_{\$}$ , ал сол қоржынның жапон иеніндегі бағасы  $P_{¥}$  болсын. СҚП теориясы доллар/иен қатынасының айырбас бағамы,  $E_{\$/¥} = P_{\$} / P_{¥}$  дәл осындай болуға тиіс деп болжайды. Осылайша, егер тауар қоржыны АҚШ-та 200 \$, ал Жапонияда 20000 ¥ болса, онда СҚП теориясы доллар/иен айырбас бағамы 200\$/20000¥ немесе әрбір жапон иені үшін 0.01 \$ (яғни 1 \$ = 100 ¥) болуы керек деп санайды.

Жыл сайын The Economist журналы СҚП теоремасының «Big Mac Index» деп аталатын өз нұсқасын жариялайды. The Economist журналы «тауарлар қоржынының» орнына McDonalds-тағы Big Mac-ты алады, себебі ол 120 шақты елде шамамен бірдей дайындалады. Big Mac СҚП-сы – бұл әр елде гамбургер бірдей бағада сатылатын айырбас бағамы. The Economist деректері бойынша, СҚП теоремасы негізінде Big Mac-тың салыстырмалы бағаларын ескере отырып, елдегі нақты айырбас бағамын болжанғанмен салыстыру арқылы валютаның артық бағаланғанын немесе кем бағаланғанын тексеруге болады. The Economist журналының айтуынша, бұл маңызды тәжірибе емес, бірақ ол СҚП теоремасы туралы түсінік қалыптастырады.

Индексті есептеу үшін, The Economist белгілі бір елдегі Big Mac бағасын ағымдағы айырбас бағамымен АҚШ долларына ауыстырады және оны Америкадағы Big Mac-тың орташа бағасына бөледі. СҚП теоремасы бойынша, баға бірдей болуы керек. Егер олай болмаса, онда бұл валютаның долларға қатысты артық бағаланғанын немесе кем бағаланғанын білдіреді. Мысалы, 2017 жылдың қаңтарында АҚШ-та Big Mac-тың орташа бағасы – 5,06 \$, ал Қытайда – 2,83 \$, Норвегияда 5,67 долларға тең болды. Бұл Қытай юанінің 44% кем, ал Норвегия кроны 12% артық бағаланғанын меңзеп тұр.

СҚП теориясының келесі қадамы бойынша, бағаның салыстырмалы өзгеруі кезінде айырбас бағамы да өзгереді. Мысалы, АҚШ-та баға инфляциясы жоқ, есесіне Жапонияда бағалар жылына 10% өседі деп қарастырайық. Жыл басында АҚШ-тағы тауарлар қоржыны – 200 \$, ал Жапонияда 20000 ¥ тұрады, сондықтан СҚП теориясына сәйкес доллар/иен бағамы 1 \$ = 100 ¥ болуы керек. Жыл соңында АҚШ-тағы тауар қоржыны әлі де 200 доллар, ал Жапонияда 22000 иенге дейін көтерілді. СҚП теориясының болжамы бойынша, айырбас бағамы өзгеруге тиіс. Нақтырақ айтқанда, жылдың аяғында  $E_{\$/¥} = 200 \$ / 22000$  теңдігі шығады. Осылайша, 1 ¥ = 0.0091\$ болады. Бағалардың 10 пайыздық инфляциясына байланысты жапон иені долларға қатысты 10% құнсызданды. Жыл басындағы бағаммен салыстырғанда, жыл соңында бір долларға 10% артық иен сатып алынады.

## Ақша ұсынысы және инфляция

Инфляция дегеніміз – ақшалай феномен. Бұндай құбылыс, елдегі тауарлар мен қызметтер қоржынының өсуіне қарағанда, айналымдағы ақша көлемінің жылдам өсуі кезінде, яғни ақша массасы өндіріс көлеміне қарағанда жылдам өскен жағдайда орын алады. Айталық, елдің барлық азаматтарына үкіметтен бір уақытта 10000 \$ берілсе не болатынын елестетіп көріңізші. Адамдардың барлығы дерлік артық ақшасын жаны қалаған дүние-мүлікке – жаңа көлік, әдемі жиһаз, жақсы киім және т.б. жұмсағысы келеді. Тауарларға және қызметтерге сұраныс арта түседі. Автокөлік дилерлері, дүкендер және басқа да тауар мен қызмет жеткізушілері сұраныстың өсуіне бағаны көтеру арқылы жауап береді. Нәтижесінде, баға инфляцияға ұшырайды.



## Боливияның макроэкономикалық көрсеткіштері

Ай	Ақша ұсынысы (миллиард песо)	1982 жылға қатысты салыстырмалы баға деңгейі	Айырбас бағамы (долларға шаққандағы песо)
1984			
Сәуір	270	21,1	3576
Мамыр	330	31,1	3512
Маусым	440	32,3	3342
Шілде	599	34,0	3570
Тамыз	718	39,1	7038
Қыркүйек	889	53,7	13685
Қазан	1194	85,5	15205
Қараша	1495	112,4	18469
Желтоқсан	3296	180,9	24515
1985			
Қаңтар	4630	305,3	73016
Ақпан	6455	863,3	141101
Наурыз	9089	1078,6	128137
Сәуір	12885	1205,7	167428
Мамыр	21309	1635,7	272375
Маусым	27778	2919,1	481756
Шілде	47341	4854,6	885476
Тамыз	74306	8081,0	1182300
Қыркүйек	103272	12647,6	1087440
Қазан	132550	12411,8	1120210

Берілген кестеде гиперинфляция кезеңінде Боливиядағы ақша массасы, инфляция деңгейі және песоның АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы туралы деректер келтірілген. Шындығында, айырбас бағамы «қара нарықтың» айырбас бағамына жатады, өйткені Боливия үкіметі осы кезең барысында песоны басқа валюталарға айырбастауға тыйым салды. Кейбір деректерге сүйенсек, ақша массасының өсуі, инфляция деңгейі және долларға қатысты песоның құнсыздануы бір уақытта өзгеріске ұшырады.

Инфляция деңгейлерінің салыстырмалы айырмашылықтары азғантай, индустриясы дамыған елдердің валюталары арасындағы айырбас бағамының қысқамерзімді өзгерістерін болжауда бұл теория тиімсіз. Инфляцияның салыстырмалы қарқыны мен айырбас бағамының өзгерісі арасындағы мықты байланысты анықтауға жарамсыздығы сатып алу қабілеті паритетінің жұмбағы ретінде қарастырылады. СҚП теориясы айырбас бағамдарын дәлме-дәл болжай алмайды, оның бірнеше себебі бар. Ол жерде тасымалдау шығындары мен саудадағы кедергілерді ескермейді. Іс жүзінде бұл факторлар өте маңызды және олар мемлекет арасындағы бағаларда елеулі айырмашылық қалыптастырады. Кейбір өнімдердің көлік шығындары көп болады. Саудадағы кедергілер, саудагерлердің әртүрлі елдердегі бірдей тауарлардың бағасын теңестіру үшін, бірыңғай баға заңына сәйкес, арбитраж қолданысын шектейді. Тиімді нарықтар туралы тұжырымдарды бұза отырып, мемлекеттің трансшегаралық саудаға араласуы СҚП теориясы бойынша болжанған бағалардың салыстырмалы және айырбас бағамдарының өзгерістері арасындағы байланысты әлсіретеді.



## Пайыз мөлшерлемелері және айырбас бағамдары

Экономикалық теория бойынша, пайыздық мөлшерлемелер инфляцияның болашақта күтілетін деңгейіне қатысты болжамын көрсетеді. Инфляцияның жоғары деңгейі күтілетін елдерде пайыздық мөлшерлемелер де жоғары болады, себебі инвесторлар құнсызданған қаржысына өтемақы алуды қалайды. Бұл байланысты алғаш рет экономист Ирвин Фишер атап өтті, сондықтан ол «Фишер әсері» деп аталады. Фишер әсері елдегі «атаулы» пайыздық мөлшерлеме – ақша қаражаты қамтамасыз етілуге тиіс кезеңдегі нақты пайыздық мөлшерлеме (R) мен инфляцияның (i) күтілетін мөлшерлемесінің қосындысы деп мәлімдейді. Формуласы мынадай:  $i = r + I$ . Мысалы, егер елдегі нақты пайыздық мөлшерлеме 5%, ал жылдық инфляция деңгейі 10%-ды құраса, онда атаулы пайыздық мөлшерлеме 15%-ды құрайды. Фишер әсері бойынша, инфляция деңгейі мен пайыздық мөлшерлемелер арасында тығыз байланыс бар. Бұдан ары қарай Фишер әсерінің көптеген мемлекеттер мен капиталдың шексіз ағындары әлемінде қалай қолданылатынын қарастырамыз. Инвесторлар мемлекеттер арасында капитал аударуды еркін жүргізе алады, демек, әр елдегі нақты пайыздық мөлшерлеменің де бірдей болуы заңды. Егер мемлекеттер арасында нақты пайыздық мөлшерлемелер бойынша айырмашылықтар болса, арбитраж оларды тез арада теңестіреді. Айталық, Жапонияда нақты пайыздық мөлшерлеме 10%-ды және АҚШ-та тек 6%-ды құраса, онда инвесторлар Құрама Штаттарда қарызға ақша алып, Жапонияға инвестициялау арқылы пайда табатын еді. Нәтижесінде, Құрама Штаттарда ақшаға сұраныс көбейіп, ондағы нақты пайыздық мөлшерлеме ұлғаяды, ал Жапониядағы шетелдік ақша ұсынысының артуы нақты пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуіне алып келеді. Нақты пайыздық мөлшерлемелер жиынтығы теңескенше осылай жалғаса береді.

Фишер әсері бойынша, бүкіл әлемде пайыздық мөлшерлеме бірдей болса, елдер арасындағы пайыздық мөлшерлемелердің кез келген айырмашылығы сол елдегі инфляция деңгейіне қатысты болжамдардың көрінісіне айналады. Осылайша, АҚШ-та болжанған инфляция деңгейі Жапониядан жоғары болса, онда АҚШ-тың атаулы пайыздық мөлшерлемесі жапондық атаулы пайыздық мөлшерлемеге қарағанда көтеріңкі болады.

СҚП теориясынан инфляция мен айырбас бағамдарының арасында байланыс (кем дегенде, теориялық тұрғыда) бар екенін білеміз. Пайыздық мөлшерлемелер инфляцияға қатысты болжамдарды көрсетеді, демек, пайыздық мөлшерлемелер мен айырбас бағамдарының арасында да байланыс болуы керек. Бұл байланыс «халықаралық Фишер әсері» деп аталады. Халықаралық Фишер әсері (IFE) бойынша, кез келген екі ел үшін спот бағамдары бірдей сомаға өзгерсе, бірақ екі ел арасындағы атаулы пайыздық мөлшерлемелердің айырмашылығына қарама-қарсы бағытта өзгеріп отыруы керек. Ресми түрде, АҚШ пен Жапония арасындағы айырбас бағамының өзгеруін былай құруға болады:

$$S_1 - S_2 S_2 \times 100 = i_s - i_f$$

мұндағы  $i_s$  және  $i_f$  тиісінше – АҚШ пен Жапониядағы атаулы пайыздық мөлшерлемелер,  $S_1$  – кезеңнің басындағы споттық айырбас бағамы, ал  $S_2$  – кезеңнің соңындағы споттық айырбас бағамы. Егер АҚШ-та атаулы пайыздық мөлшерлеме Жапониядан жоғары болса, онда инфляцияның биік деңгейі күтіледі және сол пайыздық мөлшерлемедегі болашақ айырмашылықтарға байланысты доллар құны болашақта иенге қатысты төмендейді. Құрама Штаттарда пайыздық мөлшерлеме 10%, ал Жапонияда 6% болса, жапон иеніне қатысты доллар бағасының 4% құнсыздануын күтеміз.

## Тиімді нарық теориясы

Форвардтық айырбас бағамы нарық қатысушыларының алдағы уақытта орындалуы мүмкін споттық бағамдарының ортақ болжамдарын ұсынады. Егер оны дөп басып айта алса, кәсіпорындар айырбас бағамының қысқамерзімді ауытқуын болжау үшін қосымша



қаражат жұмсамас еді. Экономистердің басым көпшілігі форвардтық мөлшерлемелерді белгілеуде валюталық нарық тиімді деп санайды. Тиімді нарықта бағалар жалпыға ортақ ашық дерек ұсынады. Егер валюта нарығы тиімді болса, онда форвардтық айырбас бағамдары болашақ споттық мөлшерлемелердің бейтарап болжаушысына айналады, яғни кез келген бір жағдайға байланысты болжам дөп түспеуі мүмкін. Бұл олқылықтар болашақ споттық мөлшерлемелерден жоғары немесе төмен емес, олар кездейсоқ бола береді. Эмпирикалық тестілердің біразы тиімді нарықтың ғылыми болжамына қатысты жасалған. Бұған дейінгі еңбектердің көпшілігі ғылыми болжамды қолдайды, ал кейбір зерттеулер жоққа шығарады. Форвардтық айырбас бағамдары болашақ споттық мөлшерлемелерді дәлме-дәл таба алмайды және болашақ споттық бағамның неғұрлым дәл болжамы жалпыға ортақ ақпарат негізінде есептелетінін дәлелдейтін деректер бар.

### Тиімсіз нарық теориясы

Кейбір экономистер валюта нарығын тиімсіз деп есептейді. Тіпті тиімді нарыққа қатысты ғылыми болжамға қарсы дәлел келтіреді. Тиімсіз нарық жалпыға ортақ ақпаратты толық бере алмайды. Мұндай нарықта форвардтық айырбас бағамдары болашақ споттық бағамдарды да нақты болжай алмайды. Осындай жағдайда халықаралық кәсіпорындардың болжау қызметіне жүгінгені абзал. Форвардтық айырбас бағамдарының болжамынан гөрі, кәсіби мамандардың болашақ споттық айырбас бағамына қатысты болжамы нақтырақ деп те айтады. Әйткенмен кәсіби болжам жасайтын қызметтердің болжамы да сай келе бермейді. Мысалы, 1997 жылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін шарпыған қаржы дағдарысы мен 2008 жылдың соңында Құрама Штаттарда доллар құнының өсуінен болған дағдарыс тауқыметін де ешкім болжай алмады. Ол кезде жұртшылық доллар құны түседі деп ойлаған.

### Валюта бағамының тәуекелі

Валюта бағамдарының орынсыз өзгерістері табысты мәмілелерді тиімсіз етуі мүмкін. Жоғарыда айтылғандай, айырбас бағамдарының өзгерісі арқылы халықаралық бизнеске енгізілген тәуекел «валютта бағамының тәуекелі» деп аталады. Валюталық тәуекел: транзакция, аудару және экономикалық ықпал дейтін негізгі үш санатқа бөлінеді.

### Транзакция ықпалы

Транзакция ықпалы – бұл жеке мәмілелерден түсетін табыстың валюталық құнның өзгеруіне тәуелділігінің деңгейі. Мұндай әсер өзіне тауарлар мен қызметтерді алдын ала келісілген бағамен сатып алу немесе сату, сондай-ақ шетелдік валютадағы қарыздарды немесе несиелеу бойынша міндеттемелерді қамтиды. Мысалы, 2004 жылы америкалық әуе компаниясы әрқайсысы 120 млн € тұратын, жалпы сомасы 1.20 млрд € болатын 10 Airbus 330 ұшағын 2008 жылға дейін жеткізуді жоспарлады. 2004 жылы келісімшартқа қол қойылған кезде, доллар/еуро айырбас бағамы 1 \$ = 1.10 € болды, сондықтан америкалық әуе компаниясы АҚШ-қа 10 әуе кемесі жеткізілгеннен кейін 1,09 млрд \$ төлеу керек деп жоспарлады. Бірақ аралық кезеңде АҚШ доллары еуроға қатысты құнсызданды, яғни 2008 жылы төлемдерді жүзеге асыру кезінде 1 долларға 0,80 € ғана келетін. Енді келісімнің АҚШ долларындағы жалпы құны 1,5 млрд \$ құрайды, бұл бастапқы сомадан 0,41 млрд \$ артық. Транзакция ықпалы 0,41 млрд \$ құрады, яғни бұл – келісімге қол қойылған уақыт пен әуе кемесінің ақысын төлеген кездегі айырбас бағамының жағымсыз өзгерістерінің кесірінен жоғалған ақша.



## Аудару ықпалы

Аудару ықпалы – бұл айырбас бағамы өзгерісінің кәсіпорынның қаржылық есептілігіне әсері. Аудару ықпалы бұрынғы оқиғаларды ағымдағы мөлшерлермен өлшеуге байланысты. Нәтижесінде, алынған бухгалтерлік кірістер мен шығындар іске аспаған деп есептеледі. Бұл – «қағаз жүзіндегі» кірістер мен шығындар, әйтсе де олар өте маңызды. Мексикада еншілес компаниясы бар АҚШ компаниясын мысалға алайық. Мексикалық песоның долларға қатысты құны кәдімгідей құнсызданса, бұл Мексикадағы еншілес компанияның капиталындағы доллар құнын дәл солай түсіреді. Ол, өз кезегінде, компанияның бухгалтерлік теңгерімінде көрсетілетін доллар бағасының жалпы құнын кемітеді. Сондай-ақ фирманың қарыз алу құнын арттыруға және оның капитал нарығына шығуына шектеу қоятын фирманың айқын әсерін арттырады. Дәл осылай, АҚШ фирмасының Еуропалық Одақта еншілес компаниясы бар және еуро құны бір жылдың ішінде АҚШ долларына қатысты тез құнсызданды делік, бұл еуропалық еншілес компанияда жасалған еуроғағы табыстардың құнсыздануына, өз кезегінде, сол аударудың теріс ықпалына алып келеді. Шын мәнінде, 2000 жылдары АҚШ-тың көптеген фирмалары Еуропада аударудың теріс әсерінен әжептәуір зардап шекті, өйткені еуро долларға қатысты жылдам құнсызданды. 2002–2007 жылдары еуроның құны долларға қатысты қымбаттады. Бұл Еуропада іргелі операцияларды жүзеге асыратын америкалық трансұлттық корпорациялардың пайдасын арттыруға септігін тигізді. 2014 жылдың ортасынан 2015 жылдың басына дейінгі аралықта еуроның долларға қатысты бағамы төмендеді, сөйтіп, Еуропалық үлесі басым америкалық трансұлттық корпорациялардың пайдасын азайтты.

## Экономикалық ықпал

Экономикалық ықпал бойынша, фирманың болашақтағы халықаралық пайдасы айырбас бағамдарының өзгерісіне тәуелді болады. Экономикалық ықпал бағалардың болашақ айырбас бағасына, сатулар мен шығындардың ұзақмерзімді әсеріне байланысты. Бұл кейбір келісімдерге қатысты айырбас бағамының өзгеріс әсеріне байланысты транзакция ықпалынан ерекшеленеді, олардың басым көпшілігі қысқамерзімді, сондықтан бірнеше апта не айларға ғана созылады. Халықаралық фирмалардың халықаралық бәсекелестігіне доллар құнының ауытқуы қалай әсер еткенін қарастырайық. 1990 жылдардағы валюта нарығындағы доллар құнының тез өсуі көптеген америкалық өндірушілердің әлемдік нарықтардағы бағалық бәсекелестігін шиеленістірді. Экспортқа жүгінген АҚШ өндірушілері өздерінің экспорты мен әлемдік нарықтағы үлесінің төмендегенін байқады. 2000–2009 жылдары доллар басқа негізгі валюталарға қатысты құнсызданғанда, жағдай оңала бастады. Доллар құнының төмендеуі америкалық өндірушілердің әлемдік нарықтардағы бағалық бәсекелестігін арттыруға септігін тигізді. 2014 жылдың ортасында және 2015 жылдың басы аралығында, көптеген негізгі валюталармен салыстырғанда, доллар қымбаттады, бұл америкалық экспорттаушылардың бағалық бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне себепші болды.

## Түйін

Бұл дәрісте валюта нарығының жұмыс істеуі, валюта бағамдарын анықтайтын күштер қарастырылады және осы факторлардың халықаралық бизнес үшін салдары талқыланады. Валюта нарығының бір қызметі – бір елдің валютасын басқа валютаға айырбастау. Екінші қызметі – валюталық тәуекелден сақтандыруды қамтамасыз ету. Валюталық тәуекел форвардтық айырбас бағамдарының көмегімен азайтылуы мүмкін. Тікелей айырбас бағамы – болашақ операцияларды реттейтін айырбас бағамы. Валюталық тәуекел валюталық своптар арқылы да азайтыла береді. Свop – екі күннің бағамы бойынша шетел валютасының белгіленген сомасының бір мезгілде сатылуы мен сатып алынуы. Бірыңғай баға заңы бойынша, тасымалдау шығындары және сауда-саттыққа кедергілері жоқ бәсекелестік нарықта әрбір елде бірдей



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 4. Халықаралық қаржы жүйесі

Дәріс: 13. Валюта нарығы

өнімдер бірдей бағамен сатылуға тиіс. Сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП) теориясы нақты тауарлар қоржынының бағасы әр елде шамамен бірдей болуы керек деп тұжырымдайды. Теория бойынша салыстырмалы бағаның өзгеруі валюта бағамын өзгертеді.

Мемлекеттердегі салыстырмалы бағаның өзгеруі қарқыны сол елдердегі салыстырмалы инфляция деңгейіне, елдегі инфляция деңгейі ақша массасының өсуіне байланысты. Айырбас бағамы өзгерісінің СҚП теориясы қысқамерзімді қозғалыстардан гөрі айырбас бағамдарындағы ұзақмерзімді процестерді дәл болжайды. СҚП теориясының айырбас бағамының болашақ өзгерістеріне қатысты болжамы сәтсіз шықса, онда тасымалдау шығындары, сауда мен инвестициялардағы кедергілер және нарық қозғалысы, қысқамерзімді айырбас бағамдарына жанама әсерлер секілді психологиялық факторлардың әсеріне байланысты болуы мүмкін. Пайыз мөлшерлемелері инфляция деңгейінің болжамдарын көрсетеді. Жоғары инфляция деңгейі күтілетін елдерде пайыздық мөлшерлемелер де жоғары болады.

Халықаралық Фишер әсері бойынша споттық айырбас бағамы кез келген екі елде бірдей сомаға, бірақ атаулы пайыздық мөлшерлемелерге қарсы бағытта өзгеруі керек деп тұжырымдалады. Айырбас бағамын болжаудағы ең көп тараған тәсіл – іргелі талдау. Бұл айырбас бағамдарының болашақ өзгерістерін болжау үшін: ақша ұсынысының артуы, инфляция қарқыны және атаулы пайыздық мөлшерлемелер және төлем балансының сальдосы сияқты айнымалыларға байланысты. Көптеген елдерде резиденттер мен резидент емес тұлғалардың жергілікті валютаны шетел валютасына айырбастауына мемлекеттік шектеу қойылған. Үкімет мемлекеттің валюта резервтерін сақтап қалу және капитал ағымын тоқтату үшін валюта айырбасын шектейді. Айырбасталмайтын валюта елдің халықаралық саудаға қатысуын және елге инвестицияның салынуын күрделендіреді. Бұл мәселені шешудің бір жолы – қарсы сауда жасау, яғни тауарлар мен қызметтерді басқа тауарлар мен қызметтерге сатуға қатысу. Валюталық тәуекел ықпалының: транзакция ықпалы, айырбас ықпалы және экономикалық ықпал дейтін үш түрі бар. Транзакция және айырбас ықпалынан сақтандыруда мынадай: форвардты сатып алу, валюталық своптарды пайдалану, дебиторлық және кредиторлық берешектерді пайдалану сияқты тактиканы қолдануға болады. Фирмаға экономикалық ықпалды төмендету фирманың бүкіл әлем бойынша өндірістік активтерін орналастырудың стратегиялық шешімін талап етеді.